



www.ozen.kz



www.facebook.com/OzenMunaiGaz/

ÓZEN

№1 (47) ҚАҢТАР, 2020 Ж.

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫС ЖАСАЛДЫ

1960-жылдары негізі қаланған кенорын жыл өткен сайын қуаттылығын арттырып, заманауи талаптарға сәйкес басқарушылық және технологиялық бағытта үздіксіз даму үстінде.

Өткен жыл «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы үшін, табысты да берекелі жыл болды. Өзен кенорының құрылғанына 55-жыл, Қазақ мұнайының 120-жылдығы кеңінен тойланды. Бірқатар мәдени, спорттық шаралар өткізілді. Маңызды кездесулер ұйымдастырылды. Мұнай газ өндіру басқармаларында бірталай тұрмыстық-шаруашылық көшендер күрделі жөндеуден өтіп, асфальт жолдар төселіп, жаңа әкімшілік ғимараттар пайдалануға берілді. 2019-жылға бекітілген мұнай өндіру жоспары 5 551 488 тонна болатын. Компания еңбек ұжымының ауызбіршілігі мен табандылығының арқасында 27 537 тонна мұнайды артық өндіріп, жақсы көрсеткішке қол жеткіздік. Бұл 2010-жылдан бергі ең жоғарғы көрсеткіш болды, яғни тәулігіне 15 570 тонна рекордтық өнім өндірілді. Өндірістің мұндай көрсеткішке жетуі – біздің ұжым үшін үлкен жетістік.

2019-жылы «Еңбекті қорғау» жылы деп жариялау – уақыт талабынан туындаған шешім. 10 мыңға тарта адам жұмыс жасайтын кенорында әрбір жұмыскердің амандығы, жұмысынан кейін отбасына есен-сау оралуы – өте маңызды. Жұмыс уақытында олардың барлығын бақылауда ұстау мүмкін емес. Сондықтан, компания басшылығымен атқарылар іс-шаралар жүйесі жоспарланды. Кенорын жолдарындағы жылдамдықты бұзушылық он есеге азайды. Компаниядағы өндіріс процестерінің жетілдіруді қажет ететін тұстарын толықтыратын жапондық «Кайдзен» жобасын енгіздік. «Кайдзен» жобасы жұмыс орнына қолайлы жағдай жасау, жөндеу жұмыстарын орындау, тәртіпке бағыну, жұмыс орынның тазалығын сақтау, еңбек өнімділігін

арттыруға бағытталған.

Бүгінде компанияның алдында маңызды міндеттер қойылып отыр. Солардың бірі – 2020-жылы 5,660 млн тонна мұнай өндіруге қол жеткізу және жылдар өте мұнай өндірісін жылына 6 млн тоннаға дейін арттыру. Сонымен қатар алдымыздағы жылы негізгі міндеттерге қауіпсіз өндіріс және кәсіпорынның экологиялық жағдайын жақсарту туралы сананы енгізу қажет.

Өмірде елге қызмет еткеннен артық мәртебе жоқ. Қысы-жазы жаныма жалау болып, кез келген жағдайда қолдау көрсете жүріп, өзара түсіністікпен, сыйластықпен жұмыс істеп жүрген Өріптестерімнің әрқайсысына жеке-жеке риясыз алғысымды білдіре отырып, қойнауы құтты дархан даламыз, ынтымағы жарасқан еліміз аман болсын деген тілек айтамын!

Құрметпен: «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы бас директоры Есен ӨТЕЕВ

Компания бас директоры Есен Өгланұлының

бастамасымен «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы қаламызға әлеуметтік маңызы бар «Көңілді балақай» жобасын іске асыруға ниеттеніп отыр. Аталған орталық қаламыздағы 650-ге жуық ДЦП ауруына шалдыққан балаларға тұрақты түрде ем көрсетіп, олардың денсаулығын оңалтатын болады.

Болашақта 20 арнайы маман жұмыс жасайтын орталық шығындары Компанияның қайырымды қызметкерлері есебінен жүзеге асырылады. Қор жұмысының мақсаты – сал ауруына шалдыққан балаларға емдік-оңалту шараларын көрсету.

ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛАДЫ

Қазіргі таңда арнайы кабинеттердің барлығы халықаралық стандартқа сай жасақталып, күрделі жөндеуден өткізілді. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ демеушілігімен жақын арада орталыққа құрал-жабдықтар мен жиһаздар сатып алынатын болады. Өтесінов атындағы ДШЖСК ғимаратында орналасқан орталыққа күрделі жөндеу жұмыстарын «Макс-КМ» ЖШС жүргізді. Ел игілігі үшін іске асырылатын жоба кәсіподақ төрағалары мен басқарма директорлары тарапынан қызу қолдауға ие болды. Орталықты қаржыландырып отыратын қорға ақша аудару – әрбір өзенмұнайгаздың өз еркімен жүзеге асатын болады.

Жобаны іске асыру мақсатында «Мұнайшы қамқоры» қоғамдық қоры ашылды. Іске сәт!

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Компания қызметкерлерінің өз міндеттеріне салғырт қарауын болдырмау мақсатында Қауіпсіздік қызметінің «сенім телефоны» жұмыс істейтінін хабарлайды. Қызметкерлер сенім телефонына жұмыс бабында орын алған құқық бұзушылық немесе келеңсіз жағдайдың алдын алу, қитұрқы әрекетті болдырмауға ықпал ететін өзге де маңызды ақпаратты хабарлай алатындығын қаперіңізге береміз.

Хабарлаушы азамат есімінің құпия сақталуына кепілдік беріледі.

Қауіпсіздік қызметінің сенім телефоны: +7 (72934) 65-1-54

Электронды поштасы: doverie@umg.kmger.kz



А Н О Н С

2



**ҮШ ЖАҚТЫ
МЕМОРАНДУМҒА
ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ**

4



**ЕҢБЕКҚОР
ЖАНДАР –
ЕЛ ЫРЫСЫ**

6



**ҚҰРЫЛЫС
ҚАРҚЫНЫ
БӘСЕҢДЕМЕЙДІ**



ҮШ ЖАҚТЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ



Өткен жылдың желтоқсанында қала әкімдігінің ғимаратында жиын өткен болатын. Шараға қала активі және «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ үйлестірушісі Рақымбек Әміржанов қатысты. Жиында қала әкімі Мақсат Ибағаров, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Нұржан Әбдірахманов, «ҚазМұнайГаз» ғылыми-зерттеу және жобалау институты» ЖШС директоры Бақыт Иманбаев «Тоқмақ мүйісі жанында салынатын теңіз тұщыту зауыты мен магистральды су тасымалдау құбыры құрылысы» жөнінде үш жақты меморандумға қол қойды.

«Тоқмақ мүйісі жанында салынатын теңіз тұщыту зауыты мен магистральды су тасымалдау құбыры құрылысы» техникалық экономикалық негіздемесін «Өзенмұнайгаз» АҚ мамандары дайындады. Маңғыстау облысында халықты сумен қамтамасыз ету өзекті мәселенің бірі, өйткені, өңір жартылай шөлейт аймақта орналасқан, су ресурстары шектеулі. Аталған зауытты салу – өзекті мәселені түбегейлі шешеді деп толық сеніммен айта аламын» – деді Нұржан Әбдірахманов.



Өткен 2019-жылы компаниямызда «Еңбекті қорғау» жылы деп жарияланғаны баршамызға аян. Осы атаулы жылға арналып, бірқатар кешенді іс-шаралар жоспарланды. Басшылық тапсырмасы бойынша комиссия құрылып, олар жеті бағыт бойынша ауқымды істер атқарды. Басты назарда өндіріс аймағында жұмыс істеп жүрген мұнайшы өмірінің қауіпсіздігі, төтенше оқиғалардың орын алмауы сияқты факторлар тұрды.

МҰНАЙШЫ ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА!



«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының өндірістік аумағында жол көлік оқиғаларының алдын алу және болдырмау мақсатында көлік қауіпсіздігіне арналған сақтық шаралары жіті бақылауға алынды. Мұндағы көлік жылдамдығын бақылауға арналған GPS құрылғылары 2019-жылы түгелдей мемлекеттік тексерістен өткізілді. Осы GPS құрылғылар көмегімен жылдамдықты асырған азаматтар ҚР заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылып, оларға тиісті шаралар қолданылды. 2014-жылы алғаш рет GPS құрылғы орнатылған кезде жылына 194 543 жылдамдық бұзушылық тіркелген. Бүгінде жол-көлік оқиғаларын болдырмау, алдын алу мақсатында автокөліктердің жылдамдық режимін сақтау мәселесіне көп көңіл бөлініп, қатаң қадағаланып отыр. Нәтижесінде, жылдамдық күшейту фактілері азайды.

2019-жылы 2882 жылдамдық режимін бұзған адамдардың 131-іне жазбаша ескерту, 64-іне ескерту, 4-іне сөгіс жарияланды.

2018-жылмен салыстырғанда жылдамдық режимін бұзу 2019-жылы 44% азайды.

Компания жұмыскерлерінің қауіпсіздігі үшін 2019-жылы Қоғамның адам тасымалдайтын 125 автобуска 3260 қауіпсіздік белдіктері орнатылды.

Компанияға қарасты 16 басқарманы әр жыл сайын екі рет тексеріп тұрамыз. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ тарапынан жүргізілетін жүйелі тексеріс жылына бір рет

өтеді. Тексерістің нәтижесі бойынша акт жасақталып, басқарма директорларына тапсырылады. Анықталған кемшіліктерді жою мерзімдері көрсетіледі.

Өндірістік аймақта жұмыс жасайтын мұнайшыларға ҚР заңнамалары талаптарына сәйкес қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өрт-техникалық минимум көлемінде өрт қауіпсіздігі, өнеркәсіптік және электр қауіпсіздігі тақырыбында оқу курстары ұйымдастырылады.

2019-жылы Қоғам бойынша қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, азаматтық қорғаныс, алғашқы дөрігерлік көмек т.б. оқуларға арналған 123 334 мың теңге қаражат толық игерілді.

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздігі департаменті атқаратын жұмыстарының бір бөлігі азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар мәселесіне қатысты. Соңғы жылдары әлемнің жер жерінде әр түрлі техногендік және табиғи апаттар саны көбеюде. Сол сияқты апаттардың алдын алу және болған жағдайда дер кезінде іс-қимылдар жүргізу мақсатында біреше нормативтік құжаттар жасақталып, өндірістік құрылымдық басқармалардың дайындығын жоғарғы деңгейде ұстап тұру үшін көптеген талаптар қойылған. Осыған байланысты, 2019-жылы Қоғам министрліктер мен жергілікті басқарушы органдармен бекітілген, сан бағытты қамтыған 46 оқу-жаттығу шарасын өткізді.

Өткен жылы өндірісте 8 жазатайым оқиға тіркелді, олардың 3-уі жеңіл, 5-еуінің деңгейі ауыр жарақат деп табылды. Жұмыс орнында жазатайым жағдайға тап

болған әріптестерімізге материалдық, моральдық қолдау көрсетіледі. Аллаға шүкір, өткен жылы адам шығыны болған жоқ. Жол-көлік оқиғасы да тіркелген жоқ.

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамында ҚР Еңбек Кодексінің талаптарына сәйкес, компанияның барлық жұмыс орындарында еңбек жағдайларын анықтау мақсатында аттестациялау жұмыстары жүргізілді.

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамында транспорт жағына да көңіл бөлініп келеді. Үнемі арнайы техникалар алынып, жаңартылып, көліктер жыл сайын арнайы тексерістен өткізіліп тұрады. Көлікте анықталған ақауларды дер кезінде жойып отырамыз. Өндірісте пайдаланатын құрал-жабдықтар да жүйелі түрде жаңартылып отырады.

Компания әрқашан өз қызметкерлеріне еңбек етуге қолайлы жағдай жасауға басымдық беріп келеді. Жұмысқа кеткен әрбір жұмыскердің отбасына аман – есен оралуы – біз үшін қуаныш!



Максим КҮШБАЕВ,
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік
қауіпсіздік департаменті директоры



МҰНАЙШЫ ӘУЛЕТІНЕН ШЫҚҚАН ЭНЕРГЕТИК



ЕҢБЕК АДАМЫ

40 жылға жуық энергетика саласында ерен еңбек етіп келе жатқан Ерiмбет Ұбайдұллаұлы Демеубаев Өзен кенорнының дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген азамат.



1964-жылы көршілес түрікмен елінің Красноводск қаласының жанындағы Ақтас селосында дүниеге келген Ерiмбет отбасымен Жаңаөзен қаласына 1967-жылы көшіп келеді. 1982-жылы қаламыздағы № 1 мектепті бітіріп, «Өзенэнергомұнай» басқармасына 1-дәрежелі электро-монтер болып жұмысқа орналасады.

Жас жігіт сол жылы күзде әскер қатарына шақырылып, Ресейдің Арсеньев қаласында өзінің әскери борышын өтейді. Тәжірибелі энергетик бір кездері № 2 технологиялық транспорт басқармасында жүргізуші болып та жұмыс жасайды. Бүгінде маңызды салада жемісті жұмыс істеп жүрген Ерiмбет 1994-2000 жыл-

дар аралығында Қарағанды политехникалық университетінің Электрмен жабдықтау факультетін сырттай оқып бітіріп алады.

1998-жылдан бастап шебер болып қызмет етіп келе жатқан Ерiмбет мұнай өндірісі аймағында салынған 6 және 0,4 кВ-тық өуе желілері мен скважиналар кернеу алатын кешенді трансформаторлық подстанцияларды орнату жұмыстарының сапалы аяқталуына белсенді атсалысты.

Компания басшылығы Ерiмбет Ұбайдұллаұлының ерен еңбегін бағалап, оны бірнеше рет мақтау грамоталарымен, медальдармен марапаттады.

Ерiмбет мұнайшылар әулетінен шыққан азамат. Оның үлкен ағасы Естай №3 МГӨБ оператор, кіші ағасы Есен «Жөндеу» ЖШС бұрғышы, інісі Ертай №3 МГӨБ қарасты № 13-ші мұнай газ өндіру кәсіпшілігінің бастығы болып абыройлы қызмет етіп жүр. Бәрі де еңбектерімен ер атанып жүрген абыройлы жандар.

Жары Майрамен бірге ұлықты ұл, қылықты қыз тәрбиелеп отырған Ерiмбет 55 мерейлі жасқа толып отыр. Абзал әріптесімді басқарма еңбек ұжымы мен жеке өз атымнан туған күнімен құттықтай отырып, ұзақ өмір, мықты денсаулық, жұмысына табыс тілеймін. Жора жолдастар, ағайын-туғандар, жұмыстастар алдында абыройы артып, өмір атты теңіз айдынында шаршамай жүзе берсін деген тілек айтамын.

**Нұрлан БЕКЖАНОВ,
ӨЭМБ, Еңбекті қорғау және
қауіпсіздік техникасы инженері**

Компанияда мамандар біліктілігін көтеру мәселесі оң жолға қойылған. Жыл сайын жасақталған жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізіледі.

Персоналды дамыту және басқару департаменті Қазақстан-Британ техникалық университеті Инжиниринг және ақпараттық технологиялар институтымен бірлесіп, 2019-жылдың шілде-желтоқсан айлары аралығында өндіріс саласының орта топ басшыларына арнап «Тиімді басқарушы» және «PetroProf» атты модульдік оқуларын жүргізді.

Инженерлік-техникалық құрамнан 784 қызметкер тренингтерге қатысты.

MBA бағдарламасы бойынша басқару қабілетін меңгеру мақсатында халықаралық тәжірибе алмасу үшін 3 жұмыскер Назарбаев университетінде, Мәскеудегі И.М.Губкин атындағы мұнай және газ РГУ-де – 4 қызметкер оқып шықты.

МАЙТАЛМАН МАМАН – КОМПАНИЯ ТІРЕГІ

Алматы, Ақтау, Жаңаөзен қалалары мен «Кендірлі» демалыс аймағында өткізілген аталған оқуда оқытылған 17 маман өз жобалық жұмыстарын қорғап, бағаланды.

«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС ҚМГ компаниялар тобындағы техникалық мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында, кенорындарын игеру және резервуарды басқару бойынша мамандар даярлау үшін ҚМГИ «Игеру бойынша инженер» оқытудың модульдік бағдарламасын әзірлеп, қатысушыларға кенорындарын барлау, игеру және мұнай-газ экономикасы және soft skills саласында біліктілігін арттыруға мүмкіндік берді.

Оқыту шеңберінде жобалық топтар құрылып, бұл тәжірибелік кейстерді талқылау кезінде баламалы шешімдерді іздестіруді кеңейтуге мүмкіндік қарастырды.

Модульдік оқыту бағдарламаларының мазмұны мен жаттықтырушылар біліктілігі ҚМГИ іріктеуінен және сараптауынан өтті. Бағдарламаның ұзақтығы – 6 модуль (әрқайсысы 6 күннен): 1 модуль – Мұнай және газ кенорындарының геологиясы; 2 модуль – кенорындарын игеру; 3 модуль – өндіру технологиясы; 4 модуль – скважиналарды бұрғылау және кенорындарын жерүсті жайластыру; 5 модуль – экономика және іскерлік құзыреттер; 6 модуль – тиімді менеджмент. Аталған модульдік оқыту 2020-жылы да жалғасады.

2019-жылы техника қауіпсіздігі және экологияға қатысты 2776 жұмыскер қатысқан міндетті оқу жүргізілді. 1394 жұмыскер өндірістік қажеттілікке орай, біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарынан өтті.

Бүгінгі күні MBA бағдарламасы бойынша және халықаралық тәжірибе алмасу мақсатында 33 жұмыскер оқытылды. Оқытылған мамандар топ-менеджерлер мен орта топтағы басшы қызметтеріне тағайындалады.

Майталман маман-компания тірегі екенін жақсы түсінетін басшылық біліктілікті көтеру мәселесін басты назарда ұстайтын болады.



**Гүлдария ЖАНАРАЛОВА,
Персоналды басқару және дамыту
департаменті жетекші инженері**

КОМПАНИЯДАҒЫ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ ТӘРТІБІ

Соңғы уақытта кейбір азаматтардың әлеуметтік желі арқылы «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының жұмысқа орналасу және компания басшылығы қызмет тәртібіне байланысты таратылған ақпараттардың шындыққа жанаспайтындығын мәлімдей отырып, төмендегіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» 6-сәуір 2016-жылғы заңының 9-бабына сәйкес жергілікті билік органдарымен бірлесе отырып, халықты жұмыспен қамту мақсатында «Өзенинвест» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жұмысшыларын «Өзенмұнайгаз» АҚ сервистік қызмет көрсететін «Verity group», «Самруқ Сервис» мекемелеріне кезең-кезеңмен ауыстыру арқылы жұмысқа қабылдау туралы шешім қабылданды.

Өз кезегінде, «Өзенинвест» ММК пайда болған бос жұмыс орындарына Қалалық жұмыспен қамту орталығында тіркеуде тұрған жұмыссыздар қабылданады. Осыған байланысты, осы жылдың аяғына дейін «Өзенмұнайгаз» АҚ сұранысына сәйкес «Самруқ Сервис» ЖШС-нің 82 қызметкері теориялық және практикалық емтихандарды сәтті тапсырғаннан кейін штатқа қабылданып, олардың орындарына бекітілген жүйе ережесіне сәйкес сонша адам сервистік



компаниялардан алынатын болады. Бүгінгі күні компания бас директоры Есен Өтеев пен бас директордың адами ресурстарды дамыту жөніндегі орынбасары Бауыржан Мамбетсапаев жұмыс кестелеріне қарай қала тұрғындарын қабылдап, компанияға жұмысқа

қабылдану тәртібін жіті түсіндіріп отыратын болады.

Мұнай-газ өндіріс үздіксіз процесс болғандықтан, «Өзенмұнайгаз» АҚ-на қарасты өндірістік құрылымдық басқармалар қызметкерлері екі кезеңмен еңбек етсе, мұнай-газ өндіру цехтары 12 сағаттан 7 күндік кестесімен жұмыс істейді. Жұмыс барысында үстемте жұмыс күші қажеттілігі туындаған жағдайда ҚР Еңбек Кодексінің 78-бабына сәйкес әрбір жұмыскердің жұмыс уақыты тәулік ішінде 2 сағаттан, еңбек жағдайы зиян әрі қауіпті деп есептелетін ауыр жұмыстарда 1 сағаттан аспауы қадағаланып, жүзеге асырылады.

Қазіргі таңда Компания басшылығы өндірістік жоспарды орындау мақсатында өндірістік және әлеуметтік-экономикалық кеңселерде өндірістік-техникалық жиналыстар өткізіп, өндірістік-құрылымдық басқармаларды аралап, келесі жылғы жоспарларды жасақтап, жұмыс барысын үнемі қатаң бақылауда ұстап отыр.



КӨКЖИЕГІ КӨРКЕЙГЕН ЦЕХ



ЕҢБЕК АДАМЫ

2004-жылы ашылған №3 Мұнай газ өндіру басқармасына қарасты зерттеу жұмыстары цехында 28 адам еңбек етеді. Цехтың атқаратын басты міндеті құрал-саймандармен тығыз байланысты. Скважиналардың алуан түрлі зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Бекітілген жоспарды негізге ала отырып, уақытында қажетті зерттеу жұмыстары жасалады.



Цех тек арнайы құралдармен жұмыс істеуге бағытталған. Күнделікті жұмыстар жайындағы ақпарат тәулік сайын басшылыққа жеткізіліп отырады. Зерттеу жұмыстары цехында бақылау скважинасы орналасқан.

Ауызбіршілігі жарасқан ұжымда ардагер жұмысшылар да бар. Солардың арасында Қалдыбай Қайнарбаевтың сіңірген еңбегі өлшеусіз. Тәжірибелі маман бүгінде өз біліктілігін жастарға үйретуден жалықпайды. Цех қызметкерлерінің алға қойған жоспарлары жетерлік.

Эльмира АМАНДЫҚ, оператор:



Мұнай және газ колледжін бітірген соң, 2008-жылы осы цехқа жұмысқа орналастым. Содан бері он екі жыл өтті. Көп балалы анамын. Жұмысымыз өзімізге ұнайды. Әлеуметтік жағдайымыз жыл сайын жақсарып келеді. Барлығына қанағат дейміз.

№3 Мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты №1 мұнай өндіру кәсіпшілігіндегі №1 топтық қондырғысы бірінші ауысым аға шебері Асқар Ноғазов, екінші ауысымның аға шебері Нұрбек Иманғазиев. Бірінші ауысымның мұнайшылары Қажымұқан Жұмалиев, Ербол Өзденбаев, Аманбек Жұмағазиев, Көңілімжай Балшықбаева, Данияр Ербосынов, Демеу Қарабеков, Дина Қадырова, Асқар Қалдыбеков, Беріктай Әбіров, Нұржан Дүйсенбаевтар жер төсінде ерен еңбек етіп, ел ырысын еселеп жүрген еңбекқор жандар.



Қажымұқан ЖҰМАЛИЕВ, №1 ТҚ операторы:

Мұнай саласында 2010-жылдан бері жұмыс істеп келемін. Бесінші дәрежелі аға оператормын. Біз скважиналардың жұмысын қадағалаймыз. Олардың үздіксіз жұмыс жасауын тексереміз. №1 топтық қондырғыда 41 скважина бар. Өзімнің еңбек жолымды 1995-жылы техникалық транспорт басқармасында жөндеуші болып бастадым. Жұмысым өзіме ұнайды. Аллаға шүкір, тамағымыз тоқ, көйлегіміз көк. Жарым екеуіміз тәртіпті балалар өсірдік. 80 жастағы анам аман-есен қасында өмір сүріп жатыр. Әлеуметтік жағдайымыз жақсы.

Соня ШЫРТАНОВА, №8 ТҚ операторы:

– Мен мұнай саласында 1980-жылдан бері еңбек етіп жүрмін. 40 жыл болыпты. Әкем – Ізберген Мадаевтың жанында көмекші болдым. Әкем 1991-жылы өмірден өтті. Сұлтан, Ырысбай Ботаев сияқты ағалар бізді бауырына тартып, жұмыстың қыр-сырын үйретуден жалықпады. Бүгінде өзіміз де білікті маман атандық. «Дүние-кезек» деген емес пе?! Енді өзіміз жас мамандарға білгенімізді үйретіп жүрміз. Отағасы қайтыс болып, балаларымды аяғынан тұрғызу үшін барынша жұмыс істеп келемін. Қыздарым тұрмысқа шықты. Баламмен бірге тұрамын. Тағдырыма ризамын. Тату, еңбекқор ұжымда еңбек етіп жүргеніме мақтанамын. 27 жастағы баламды жұмысқа алса деген өтінішім бар. Ұлымның жұмыссыз жүргеніне қынжыламын. Үйде келінім, немерелерім бар.

Асқар ОРАЛБАЙҰЛЫ, №1 топтық қондырғы және №4 жинау орталығының аға шебері:

– 2013-жылы заманауи үлгідегі тұрмыстық-кешен пайдалануға берілді. Басты мақсатымыз – күнделікті өндірілетін мұнай көлемін арттырып, берілген мұнай көрсеткішін уақытында орындау болып табылады. Айталық, біздің топтық қондырғы екі сағатта 101-105 тонна мұнай жөнелтіп отыруымыз керек. Осы процестерді жіті қадағалап, уақытылы жеткіземіз. Негізгі атқарылатын шаруаымыз техникалардың істен шықпай, жұмыс істеуіне бағытталған. Мұнай құрамында парафин болғаннан кейін, олар жердің астында қатып жатады. Оны жібіту үшін ыстық су жібереміз. Және одан әрі арнайы мөлшерлеу қондырғыларына жиналып, сол жерде өлшеніп, ары қарай топтық қондырғыларға жөнелтіледі.

Бір топтық қондырғының өзінде 41 тербелмелі қондырғы болады. Сол тербелмелі қондырғымыз ең алдымен мөлшерлеу қондырғысына жиналады. Осылайша мұнайдың сандық көрсеткіші өлшеніп, біздің топтық қондырғыға енгізіліп, осы жерден насос арқылы МДЖӨҚБ-ға қарай жөнелтеміз. Яғни, бір топтық қондырғы мен №4 Жинау орталығы арқылы мұнайдың уақытылы жеткізілуін қадағалаймыз. Біздің мекемеде екі ауысымда бес-бес адамнан еңбек етеді. Мұнай өндіру көрсеткішіне тоқталатын болсақ, үстіміздегі жылдың қаңтар айына 1570 тонна жиналады деп отырмыз. Жалпы біздерге ай сайын жоспар беріледі. Осы жоспар аясында өндіріс аймағының өзгерісін, қызметін бақылауда ұстаймыз, жұмыс істейміз. Межелеген көрсеткішті артығымен орындайтын кездеріміз де болады.

Топтық қондырғыға қарасты скважиналарды жерасты жөндеу цехының бригадалары қызмет етеді. Мұнай өндіруде олардың атқарар шаруасы маңызды. Ойламаған жерден скважиналар істен шыққан кезде, осы бригадалар нақты себеп-салдарын дереу анықтап, басшылыққа жеткізеді. Жүйелі тексерістен өткіземіз. Басшылық тарапынан және басқа да мамандардың көмегімен СЖАЖ бригадалары келіп, скважиналардың насостарын ауыстырып береді.

2019-жылы №3 Мұнай-газ өндіру басқармасының арасында ұйымдастырылған сайыста, біздің ұжым «Үздік топтық

қондырғы» аталымы бойынша бірінші орынды иеленді. Бұл жүлде біздің қызметкерлеріміздің өз ісіне тыңғылықты қарайтындығын, жауапкершілікті сезіне білетіндігінің айқын көрінісі. Аталған сайыста мұнай өндірудің сапасына, көлеміне, скважиналардың тазалығына, ең бастысы құжаттардың дұрыстығына ерекше мән берілді. Былтырғы жыл біз үшін сәтті жыл болды. Цехаралық жарыстарда үнемі жүлделі орындардан көріндік. Халықтар достастығының бірлігі күнінде әр ұлттың тұрмыс-тіршілігі жайында көрініс көрсетіп, бас жүлдені жеңіп алдық. Спортпен де достасамыз. Волейбол, баскетбол ойнайтын спортшы қыздарымыз бар. №1 топтық қондырғыны жаңартуға атсалысқан №3 МГӨБ аға инженері Мақсат Тоқбанов, өндірістік техникалық бөлімінің басшысы Қанат Бітімов, механикалық бөлім басшысы Нұрберген Союнов, №1МГӨК басшысының орынбасары Рахим Меңдібаевқа, механик Талғат Башиғұловқа және дәнекерлеуші бригадасына алғысымыз шексіз.

Замира ЕСИМОВА, №4 жинау орнының операторы:

– Осы қызметіме 2005-жылы кірістім. Он төрт жылға жуық осы жерде машинист болып қызмет атқардым. Қазіргі уақытта оператормын. Спортпен шұғылданғанды жақсы көремін. Волейболда жақсы



ойнаймын. Бүгінде «Өзенмұнайгаз» АҚ қыздар командасының құрама командасының мүшесімін.

Қазіргі таңда «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның волейболдан жалпы құрамасындамын. Негізгі құрамда алты қыз, жалпы командада сегіз қыз ойнаймыз. 2011-жылдан бері жыл сайын еншілес компаниялар арасында спартакиада ұйымдастырылады. Барлық сайыста жүлделі орындарға ие болып жүрмін. Негізгі құрамда өнер көрсететіндіктен, бірде-бір жарысты қалдырған емеспін. Басқармадағы жұмысым тікелей мұнай өндірумен байланысты. Скважиналардың жағдайын басты назарда ұстаймыз. Жұмысқа ертемен келіп, шеберден тапсырма аламыз. Әрқайсымызға бақылау жасайтын басты нысандар бекітілген. Соларға күнделікті тексеріс жасаймыз, құрылғыларды қадағалаймыз. ІІІ топтық қондырғының қарамағында сегіз-тоғызға жуық топ бекітілген. Түскі уақытқа дейін тексеріс жасап келіп, ақауы анықталған скважиналар туралы басшылыққа есеп береміз. Қызмет барысында түрлі жағдайлар орын алып жатады. Егер скважина газға толып кетсе, сапалы мұнай беру өнімділігі азаяды. Сондықтан күнделікті тексеріс барысында скважина бойындағы газды шығарып, ременін қараймыз, қысымын анықтаймыз. 2005-жылы осы кәсіпорынға қызметке тұрып, артынша тұрмысқа да шықтым. Балдай тәтті ұл мен қыз өсіп келеді. Балаларымның өкесінің жол апатынан қайтыс болды. Алланың ісіне амалым жоқ. Жұмысым да, ұжымым да өзіме ұнайды. «Өзенмұнайгаз» АҚ сияқты үлкен компанияда жұмыс жасайтыныма мақтанамын.



РЕСТОРАННАН ҚАШЫП БАРАМЫН...



БҰРЫН:

Түсінген адамға қазақтың құдалығының өзі тұнып тұрған философия ғой... Құдалыққа рухани дайындық қажет. Құдалыққа көлденең көк атты бармайды. Маңызды «елшілікке» баратын адамдар жіті іріктеліп, таңдалады. Оның сценарийі, тіпті концепциясы дайындалады. Құдалардың үлкендері бөлек дастарқанға, жастар жағы бөлек дастарқанға отырғызылады. Шай үстінде мағыналы, мазмұнды, тәрбиелік мәні бар әңгімелер айтылады. «Астың дәмін келтірер – түз әулие, алысты жақын ететін – қыз әулие» демекші, шай мен еттің арасындағы 2-3 сағаттық үзілісте құдалар бір-бірімен жақын танысып, біліседі. Арғы-бергіні сұрасып, өзара арқа-жарқа сөйлеседі. Үйге келген соң, өздері болып, шай ішіп құдалықтың қандай деңгейде өткенін талқылайды. Құдайдай сыйлап, адал дәмін ұсынған жаңа құдаларына шексіз ризашылықтарын білдіреді. Төкетері, арада әжептәуір әжің-күжің әңгімелер болады. Жай әңгіме емес, ағайын мен тумаластарды өзара татулық пен бірлікке жетелейтін әңгіме болады. Бір апта өткен соң, екінші жақ құдалыққа аттанады. Құдалықтың өзі-еки жастың берік отау құруының негізі болатын-ды... Жас жұбайлар ойы терең, сөзі түзу қариялардың батасын алатын-ды. Қазіргі тілмен айтқандай құдалық ел мен ел арасында ішкі коммуникацияның жақсаруына өлшеусіз үлес қосып, ынтымақ пен ауызбіршілікке жол бастайтын игі дәстүріміз болатын...

ҚАЗІР:

Сөйткен құдалықты бүгінде ресторанды көшіріп тындық. Даңғыр-дұңғыр музыка. Өзара әңгімелесу, жөн сұрасу, әңгімелесу, білісу жайына қалды. Құдалық тізгіні тойдан тойға көшкен жылтыр сөздер жаттап алған асабаға тиеді. Асаба өзі қожа, өзі би. Ол ойына келгенін көжесіне қатық қылады. Ортаға екі құдағайды шығарып, билетеді. Несін жасырамыз, тойдың төріне шығып, тілек айту тәртібі де жұртты әбден жалықтырып жібергені рас. Сөз мәдениеті деген болады... Бұны ескеріп жатқан жан баласы жоқ. Көп сөйлеу, көпіріп сөйлеу – үдемесе, азаймай тұр. Кімді көрсен «қазір пәленше деген ресторанда құдалық немесе той болып жатыр еді. Соған кірем де шығамын» – дейтін болды. Қазақ шақырған жерге төбе көрсетуді міндет санайды... Құдалық пен той өзінің мәні мен мағынасын жойып алды. Тойға апы келіп, күпі кететін қонақтар көбейіп кетті. Өкінішті-ақ!



ҮЛКЕН АСТЫҢ ҚАДІРІН КЕТІРІП АЛДЫҚ...

Қазақ қазақ болғалы қойдың 12 жілігі 12 табақты адамға тартылатын еді. Әр табақтың өз иесі бар. Мәні бар... Орны бар... Қазір көріп жүрген жағдай көңілге қаяу түсіріп-ақ тұр. Табақпен келетін жілік жайына қалды. Үлкен ас дегеніміз – еті туралған аты жоқ тамаққа айналды. Бір сөзбен айтқанда үлкен ас деген түсінікті талқандап жатырмыз. Қаймағы бұзылмаған Маңғыстауда үлкен астың қадірі кеткеніне налисың. Арқада бұл дәстүр жақсы сақталған. Біз ресторан қызметкерлері алдымызға не әкелсе, соны жейтін болдық. Ресторанға 350 адам шақырылып, бір қойдың етін апарып тастайды. Ары қарай өзіңіз ойлана беріңіз! Абсурд!



ӘРКІМ ӨЗІНЕН БАСТАҒАНЫ ДҰРЫС...

Мен 40 жасымды үйде тойлап, бір жылқы сойып, қонақтарыма дұрыстап үлкен ас тартып, қонақтың үлгісін көрсеткім келіп отыр. Қонақ күтудің өзі – әдепті қажет етеді. Айналаны өзгертуді әркім өзінен бастағаны жөн. Бәлкім, біреулер ысырап деуі мүмкін... Қазақ пен қасқыр тұрғанда ет далада қалмайды... Ағайын-туыс, көрші-қолаң, қала берді қызмет еткен адамдар етті сарқыт деп үйіне алып кетеді. Біз үлкен астың статусын өзіне қайтаруымыз керек. Бұл маңызды нәрсе!

ӨМІРГЕ ТОЙ ЖАСАУ ҮШІН КЕЛГЕНДЕЙМІЗ...

Өркениетті ел боламыз десек, бізге «бетімен кеткен» тойды жөнге келтіру керек. Пәпкі той, пішпе той... дегендер той иесі мен баланың нағашысына ғана керек. Осы тойларды ресторанда дүрілдетіп, оған коллективті, группаластарды...шақырып, уақыт пен тамаққа ысырап жасап, иіріп отырғызып қоюдың қажеті шамалы. Даңғойлық пен дақпыртқа толы тойлар әбден мезі етіп бітті.

РЕСТОРАННАН ҚАШЫП КЕЛЕМІН...

Бұрын той сенбі, жексенбі күндері ғана өтетін болса, бүгінде той аптаның 7 күнінде де тойлана беретін болды. Қайда қарасаң да ресторанның қашып келе жатқан адамға жолығасың. Әлемде бізден жүздеген, мыңдаған есе бай тұратын халықтар бар. Олар біз сияқты қит етсе, шашылып той жасамайды. Тойшыл халықтың ойшыл бола алмайтын түсінген адамдармен қосылып, қазақы құндылыққа жат той болып жатқан ресторанның мен де қашып келемін...


Бауыржан ШОРА,
«Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкері



КІТАП – АДАМДЫ ӨЗГЕРТЕДІ...

Қазіргі таңда Сіз бен Біз білек сыбанып сапалы компания болуға көңіл бөліп жатырмыз. Келешекте сапалы компанияның ғана болашағы жарқын болмақ. Кітап оқымаған ұжым сапалылар қатарына ене алмай, өркениет көшінің шаңын жұтып қалуы ғажап емес. Ендеше, кітап әлеміне ат басын бұрайық. Бұдан былай Сіздерге әдебиет жауһарына жататын кітаптардың анотациясын беріп отыратын боламыз...

Швед жазушысы Пер Лагерквистің «Ергежейлі» шығармасын ұсынамыз. Интернет арқылы онлайн оқуларыңызға әбден болады. Кітапты оқыған кезде адам баласының жүрек түкпірінде неше түрлі адам жаны түршігетін зулымдық пен екіжүзділіктің жасырынып жатқанының күәсі боласыз. Оқыңыз, өкінбейсіз! Кітапта ақыл-ойыңызға азық болатын дүние көп.



ТҮЙІН:

Рухани игілік Сізді мәнсіздіктен құтқарады. Қоғамды армандауға үйретеді. Елді жақсылыққа шақырады.



2019-жылы бұрғылаудан 147 мұнай және 30 су айдау скважинасы бұрғылаудан шығып, іске қосылды.



Күрделі құрылыс
департаментінің
директоры
**Мэлс
КЕНЖЕҚАРА**

Мұнай дайындау және өндіріске қызмет көрсету басқармасына қарасты өндірілген су мен ілеспе газды мұнайдан бөлуге арналған қондырғы (УПСВ-1) аумағында жаңадан ТБҚ-20 000 м³ қазаны салынды. УПСВ-2 аумағында екінші ТБҚ- 20 000 м³ қазанының құрылысы мердігер «Oil Construction Company» ЖШС арқылы құрылыс жұмыстары аяқталып, қабылдау жұмыстары жүріп жатыр.

2019-жылғы күрделі жөндеу жұмыстарына келетін болсақ, өндіріске қатысты 100 дана тербелмелі қондырғылар жаңартылды, 21 дана буферлік сыйымдылықтар, 40 дана тарақ блогы мен 53 дана АПРС-40 алаңы, 3-дана ОГ-200 сыйымдылығы ауыстырылды.

Химияландыру және экология басқармасының зертханасы мен «Медикер» ЖШС ескі ғимаратында

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ БӘСЕҢДЕМЕЙДІ

Өндіріс нысандарынан бөлек жаңадан №1 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасының әкімшілік ғимараты салынып, пайдалануға берілді. Автоматтандыру және телекоммуникация басқармасына қарасты әкімшілік – тұрмыстық кешен салынды. «Өзенэнергомұнай» басқармасына қарасты әлеуметтік тұрмыстық кешенінің құрылысы қарқынды жүріп, аяқталуға жақын. №2 СҚКБ көліктерге арналған ангар салынып, қабылдау жұмыстары жүріп жатыр.

күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. №3 СҚКБ автопізбектерді жөндеу бокстары, тізбек басшыларының әкімшілік ғимараты, қойма күрделі жөндеуден өткізіліп, кіреберістегі шлагбаумдар жаңартылды.

Компания – сапаны бірінші орынға қояды. Соңғы жылдары салынған барлық құрылыс нысандары заманауи талаптарға сәйкес салынды. Кенорын толығымен модернизацияланып, жаңа технологиялармен қамтылды. Жоспар көп, бағыт айқын. Құрылыс қарқыны бәсеңдемейді.





МҰНАЙШЫЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Алманың шаштаразда отырғанына анау-мынау емес, үш сағат өтті. «Өлгенде көрген бір төбелес» демекші, 50 жасқа келгенде Алма байға тиейін деп жатыр. Тумаластары да, ауылдастары да басқа проблемалары жоқтай, Ерғазы екеуінің тойын талқылап жатыр. Құрбысы Сәния «ойбай, енді 50 жасқа келгенде байға тиіп, не барқадар таппақсың. Ерғазы сені ессіз-түссіз ғашық болып алғалы жатыр деп ойлайсың ба?! Ай, ақымағым-ай! Оған сенің ақшаң керек, ақшаң...» – деп бір келіп кетті...

«Құдайым-ау, елуге келіп, «күйдім-сүйдім» деген сені көрдім. Шырағым-ау, қайдағы махаббат. Махаббат деген көзге көрінбейтін, қолмен ұстауға болмайтын түсініксіз зат. Ақындар мен жазушылардың ойдан шығарған сандырағы ғана. Ол тек үнді фильмдерінде болады... Неге түсінбейсің... Қайтып тапқан ақшаң! Айнағанда не үйі жоқ, не күйі жоқ

ТОЙ (ӘҢГІМЕ)



Ерғазыға жем болайын деп отырсың. Көзіңді аш. Есіңді жи!» – деп тағы бір келді. Бұл жанашырлықпен шып-пыр болып жүрген құрбысының айтқандарын сабырмен, жымып үнсіз тыңдайды.

«Осы сен мектепте жүргенде қияли едің. Саған дауа жоқ шығар» – деді ең соңында шаршаған құрбысы қолын бір сілтеп...

Не десе де, айтқанынан қайтпай ақ көйлек тіктіріп жатқан бұған «қасқа, елуге келгенде ақ көйлек кигенің ел-жұрттан ұят емес пе?! Бір дұрыстау, тойға лайық көйлегіңді кие қойсаң қайтеді?» – деп қойды жеңілген үнмен...

«Қызық!» – деді бұл ішінен... Қанша жылдан бері ақ көйлек киіп, күйеуге шығуды армандап келіп, өлдім-талдым дегенде ұнатқан адамымен бас қосарда, неге қалыңдық киетін ақ көйлектен бас тартуы керек екен. Жұрт не десе, о десін...

Ерғазы екеуі бір-біріне бір көргеннен іш тартып ұнатса да, үйленгенге шейін батып, бір-біріне жақындай алмай, пұшайман күй кешіп, үш жылын бекер өткізгеніне өкінеді.

Шешесі марқұм, өлер алдында, «күйеуге де шықпадың, арғы дүниеде сені уайымдап, тыныш жата алмайтын болдым» – деп өксіп жылап еді... Сол кезде бұл «ешкім ұсыныс жасамаса, кімге мені ал деп мойнына асыламын» – деп мұңая ойлап еді жылап отырып...

90-жылдары алағай да бұлағай заманда еті тірі адамдардың бәрі күнкөрістің қамымен базар жағалап кетті. Жұмыстың реті болмай, бұл да көпшілікке ілесіп, базарға шықты. Бастапқыда жеміс-жидек сатты, содан балалар киіміне ауысты. Саудасы тәп-тәуір дөңгеленіп, жиып-терген тиын-тебеніне шағын дүңгіршік сатып алды. Асып-тасып байып кетпегенмен, әжептәуір қор жиналды.

Ерғазымен базарда танысты. Тәшкі итеріп жүретін жігітке бастапқыда аса көңіл аудара қоймағаны рас. Әйтсе де, үнемі жымиып жүретін, иман жүзді жігіт көп ұзамай жанын баурап алды. Қолы қалт етсе, қасына келіп, ананы-

мынаны сөз етіп қиыла қарап тұратын Ерғазының қасында ұзағырақ тұрғанын қалап тұрушы еді.

Үш жылдан бері айналсоқтап жүріп, жігіт бір күні киноға шақырғанда жүрегі қуаныштан атқақтай соқты. Екеуі кинодан шыққан соң, әр затты бір айтып, болмашы нәрсеге жас балаша мәз болып күліп, көшеде ұзақ жүріп алды. Ерғазы үйіне шығарып салып тұрып, «сенің бар болғаның қандай жақсы» – деп еді жымиып...

Үйге келген соң, біразға дейін ұйықтай алмай, дөңбекшіп жатты да қойды. Қайта-қайта сүйіктісін ойлап жатып, таң алдынды көзі ілінді.

Ерғазының арқасында осы жасқа келіп, ғашықтықтан бас жоғалтудың не екенін түсінді. Бақыттан басы айналды. Өмірінің әрбір күні мерекеге айналды. Айналадағы адамдардың бәрімен күліп амандасып, күліп сөйлесетін болды. Тіпті қиылып сұраған сатып алушыға әжептәуір киімдердің бағасын түсіріп те беріп жіберетінді шығарды. Сұрықсыз өмірінде Ерғазы пайда болғалы бүкіл әлем құлпырып сала бергендей әсер етті. Тіпті аспандағы күн екеш күн де шуағын бұрынғыдан молырақ шашып, құстар да көңілді сайрайтындай...

«Шашыңызға сән үлгісін өзгер жасадым. Шашыңыз әбден жұқарып біткен...» – деген қара қыздың дөрекі даусы ойын бөліп жіберді. Айнадағы шашына қарап, күлімсіреді. Жақында ғана салдыртқан алмалы-салмалы тістері де маржандай тізіліп-ақ тұр. Анықтап қарамаған адам оның жасанды тіс екенін де байқай қоймас еді. Көзінің айналасындағы өрмекшінің торындай ұсақ әжімдер де бүгін өзін тым бақытты сезініп тұрған Алманың көңіл күйін түсіре алмады.

Бір нәрседен құр қалғандай, шаштаразға ынтығып Сәния жетті. «Тездету керек. Қонақтар кафеге жиналып жатыр» – деді, бұған жымия қарап. Екеуі таксилетіп үйге келіп, төгілген ақ көйлекті киді.

«Несін айтасың! Қатып кеттің! Ертегідегі ханның қатындарынан аумап қалдың!» – деді Сәния ойын-шыны аралас.

Ерғазы да, бұл да бір бір үйдің жалғыздары. Кафеге жиналған қонақтар саны да шағын болды. Көбісі базардағы таныстары, сосын азын-аулақ көршілері бар. Тойына төбе көрсетуді міндет деп тапқан саусақпен санап аларлық ағайындары да бір жерге шоғырланып қалыпты. Бір-біріне жаңа көргендей әңгімелері жараса қалған.

«Тойдың дастарқанына ақшаны сен төлеген шығарсың. Тәшкі айдайтын Ерекенде ақша қайдан болсын. Өйтеуір жұрттың бірі сөйдеп жатыр...» – деді Сәния. Бұл әдеттегідей жай күлімсіреді де қойды.

Той уақытында басталды. Бірді айтып бірге кете бертетін асаба жігіт боларға да болмасқа да ыржаңдап күле береді екен. Өзі айтып, айтқанына өзі мәз болып жүрген қызық жігіт. Тойда ағайындары да, жұмыстастары да жарылып тілек айтты. Ерғазы екеуі бір-біріне көздерімен айналып жымиып қояды. Биге шыққанда жігіт Алманы сынып кететін шыныдай аялап-ақ ұстайды.

Дастарқан үсті неше түрлі ішім-жемге толып тұр. Ішімдік ішіп қызып алған ер адамдар жағы Ерғазыға келіп «Қатырдың. Үндемей жүріп, пәле екенсің. «Адам аласы ішінде» – деп қазақ бекер айтпаған. Қатып-семіп қалған Алмаға емес, ақшасына үйленіп жатқаныңды бәріміз де біліп отырымыз» – деп дарақыланып қарқ-қарқ күліп, орынсыз әңгіме айта бастады.

«Сен бізді сыйламай тұрсың ба не?! Өмірінде бірінші рет қатын алып тұрып, неге арақ ішпейсің... Сенің бізден қай жерің артық» – деген сөздерді құлағы шалған Алма сүйіктісіне мазасыздана қарап қояды...

«Кемпір болғанымен шаруасы жоқ, он сегіздегі қыздай малынып, ақ көйлек киген не теңі» – деген қатындардың сыпсың сөздерін елемеге тырысқанмен, ту сыртынан шаншудай қадалып-ақ жатыр...

Не керек, тойға жиналғандар ішті-жеді... Билеп, ән айтты... Шағын қалашықтағы адамдарды желіктірген той түндігі біразға дейін желпілдеп жатты...

Той біткен соң, Алма өзін жылдар бойы ішқұса еткен жалғыздықтан құтылатын ойлап, қуанып кетті. Белінен құшақтаған Ерғазының күс қолдары жанына майдай жағып барады. Отағасының қасында қартайғанша жүрсе, арман не?! Екеуі үнсіз баспалдақпен үйлеріне көтеріліп келе жатып, бір-бірінің қолдарынан аялай сипады. «Құдайым-ай, осылай екеуі, тоқтамай қол ұстасып бірге жүре берсе ғой» – деген ой келді Алмаға...

Біраздан соң үшінші қабаттағы ерлі-зайыптылар үйінде жарқ етіп жарық жанды. Аспандағы жұлдыздар бақытты жандарға қызыға да қызғана қарағандай жымиң-жымиң етті.

Бибігүл БӨБЕКБАЙ

ҮКІЛЕГЕН ҮМІТ

ТАЛАБЫ ТАУДАЙ АРТУР



Жаңөзен қаласындағы №19 орта мектептің 8-сынып оқушысы – Мұрат Артур Ардақұлы озат оқушы. Домбыра шерткенді ұнатады. Музыкалық мектепте домбыра үйірмесіне қатысып жүр. Жетістіктері де жоқ емес. Қалалық, облыстық, республикалық байқаулар жүлдегері.

Жан-жақты бала Артур Мейбукан годзю-рю карате-домен де айналысып жүр. Талапты бала бүгінде жасыл белбеу иегері. Спорттың осы түрінен сайысқа қатысып, бақ сынап жүрген жайы бар.

Ол ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған кадеттер арасындағы Қазақстан чемпионатында II, Мейбукан годзю-рю-карате-додан Қазақстан чемпионатында I, ел Тәуелсіздігіне 25 жыл толуына орай өткізілген оқушылар арасындағы «Тазквандо» сайысында 8-9 жас аралығында I орындарды жеңіп алды. Алматы, Көкшетау, Атырау қалаларында өткен республикалық жарыстардың бірнеше дүркін жүлдегері.

Өнер мен спортты қатар алып жүрген Артурдың қоржынында бірнеше Алғыс хаттар мен Мадақтамалар да жетерлік. Артурдың еңбекқорлығы мен табандылығына қарап, іштей сүйсінесің. Спортшы бала алаңға шығып, доп тепкенді де ұнатады. Ол үнемі ізденіс үстінде жүреді.

2019-жылы Малайзия астанасы Куала-Лумпур қаласында ағылшын тілінен бір айлық дәріс алып келді. Мұнайшы ана баласының болашағына зор үміт күтетінін айтады.

НЕЛІКТЕН...

*Неліктен екен неліктен,
Теңеліп суық өлікпен,
Жүрегімде жылу жоқ,
Өмірден кетем жеріп мен.
Құлазып дүние тұрады,
Айырылып барлық көріктен.
Мас болғым сонда келеді,
Жан екен демең еріккен.*

*Мас болсаң бәрі тамаша.
Жүресің доспен жараса.
Нәрсенді соңғы бересің,
Сұраса досың қаласа.
Бәсеке қуып ешкіммен,
Жүрмейсің босқа таласа.*

*Қазірше, қазір басқаша.
Бақытың ауып бастаса,
Достардан жүрер дос қаша.
Бақытың қайта оралса,
Қайтадан бастар достаса.
Сәлеміңді алмас кейбіреу,
Дәулетің асып-таспаса.*

*Мас болсаң болмас уайым.
Оңыңнан туар әр айың.
Бәріне бергің келеді,
Жомарт боп көңіл сарайың.
Қалмасын мейлі бір теңген,
Қылмайсың әсте уайым.*

*Қазірше, қазір тұнжырау.
Болса да жоқ деп зар жылау.
Жақынын жақын құлатып,
Құласа жығып ұрғылау.
Ашылып аран, пейілге.
Тарылтып түскен қыл бұрау.*

*Мас болсаң, бәрі көңілді.
Сүйесің бәрін, еліңді.
Күліп тұр саған дүние,
Достардың бәрі сенімді.
Уайым болмай көңілде,
Сүресің еркін өмірді.*

*Десең де мені желөкпе,
Өлімге тұрмыз кезекте.
Арпалысып жүргенде,
Өтеді өмір дыз етпе.
Уақыты келсе, алам деп,*

*Ажалың тұрар күзетте.
Жүрекке мейірім оятып,
Келейік адам ретке.
Адам болу үшін адамдар,
Мас болып жүру керек пе?!*

Арғын БИСЕНОВ





БІЗДІҢ БӘКЕҢ



Компаниямыздың өсіп-өркендеуі, дамуы жолында ерен еңбек етіп, өлшеусіз үлес қосқан Бердібек Есенжанов 1956-жылы Қаратаудың баурайында дүниеге келді. Көзі тірісінде классик атанған Әбіш Кекілбайұлын дүниеге әкелген құнарлы топырақ Оңдыда ойнап-өскен бала Бердібек жасынан зерек болып өсті. Шетпе кентіндегі орта мектепті ойдағыдай бітіріп, 1973-жылы Орынбор қаласындағы жоғарғы оқу орнына қабылданады.

Сан қырлы салада жемісті де абыройлы еңбек еткен білікті кадр 1990-жылы қаламыздағы ең ірі мұнай өндіруші компания болып табылатын «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының құқықты қамту департаментінде 13 жыл жемісті еңбек етеді. Өзіне тапсырылған кез-келген жұмысты зор ынтамен атқаратын Бердібек 2012-жылы корпоративтік хатшы лауазымында жүріп, компаниядағы этиканы сақтауға, акционерлік қоғам эмижді мен рейтингісін көтеруге атсалысты.

Ол компанияның барлық ірі көлемдегі тендерлерінің әділ орындалуын қадағалап, жоғарғы

лауазым тұлғаларының қызметтерінің ауысуына байланысты, жаңа басшылыққа тағайындалған азаматтардың өмір дерегін жинап, директорлар кеңесімен байланыста бола жүріп, адал еңбек етті.

Жасынан өз ісіне тиянақты, еңбек сүйгіш, тәртіпті де жинақы жүретін Бердібек ағамыз адалдығымен әріптестер арасында үлкен беделге ие болды. «Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті» – деген мақалды өзінің өмірлік ұстанымы етіп алған Бердібек Мырзабекұлы құрмет демалысына шықты.

Өмірде маңыздысы – жақсы ұрпақ жетілдіре білу деп түсінетін жақсы ағаның өмірі-жас ұрпақ үшін үлгіге толы ғұмыр деп ауыз толтырып айта аламыз.



Құрметті Талшын ҚАЗҒАЛИҚЫЗЫ!
Сізді құрмет демалысына шығуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Өзіңіздің еңбек жолыңызды 1976-жылы 23 тамызда «Маңғышлақ» бірлестігі «Өзеннефть» №1 Мұнай газ өндіру басқармасында слесарь болып бастап, мұнай саласында 43 жыл бойы абыройлы еңбек атқардыңыз. Еңбекқорлығыңыз бен табандылығыңыздың арқасында инженер – технолог қызметіне дейін көтерілдіңіз. Жемісті еңбегіңіз үшін «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ Құрмет грамоталарымен, Өзен кенорнына қосқан үлесіңіз үшін компанияның 50 жылдық мерейтойлық Төсбелгісімен марапатталдыңыз.

Өзен кенорнының дамуы жолында тер төгіп, адал еңбек етіп жүрген Сізді әріптестеріңіз білікті де білімді маман ретінде құрметтейді. Сіздің мағыналы өміріңіз – жас мамандарға үлгі-өнеге.

Бауыр басып қалған ұжыммен қоштасу жеңілге соқпасы рас. Компания басшылығы сіздің сан жылдар бойы атқарған адал еңбегіңізге шексіз риза. Мерейлі сәтіңізбен құттықтай отырып, отбасыңызға амандық, деніңізге саулық тілейміз, аяулы әріптес!

Ізгі тілекпен:
№3 МГӨБ еңбек ұжымы



Қадірлі Сартай СЛАМУЛЫ!

Өзіңізді 63 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіз еңбек жолыңызда талай белесті бағындырып, ұжымдастарыңыз бен достарыңыздың құрметіне бөленіп жүрген жақсы жансыз. Өзен мұнайының дамуына зор үлес қосып жүрген Сіздің өміріңіз – нағыз майталман маманның, ұлағатты әкенің, абзал азаматтың өнегесі. Кәсіби шеберлігіңіз үшін әріптестеріңіз сізді ақжүрек азамат ретінде құрмет тұтып, сыйлайды. Мерейлі сәтте деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, қызметіңізге табыс тілейміз. Әрдайым еңсезің биік, мерейіңіз үстем болып, абыройыңыз арта берсін!!

Құрметті Абай МИФАТУЛЫ!

Біз Сізді мерейлі 60 жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! №2 МГӨБ инженерлік қызмет бөлімінің аға инженері болып абыройлы еңбек етіп жүрген өзіңізді әріптестеріңіз білімді де білікті маман ретінде танып, құрмет тұтады. Еңбек жолыңызды скважиналарды жөндеу цехының оператор көмекшісі болып бастаған Сіз ерен еңбегіңізбен аға оператор, шебер, цех басшысы лауазымына дейін көтерілдіңіз. Жан жарыңыз Ақбалмен ұл мен қыз тәрбиелеп, олардан тараған немере-жиендерді қызықтап, ата болып отырған жайыңыз бар. Арамызда аман-есен жүріп, алып мәуелі бәйтеректей жапырақ жайып, өркендей беруіңізге тілектеспіз! Деніңіз сау, отбасыңыз аман, ғұмырыңыз мәнді де сәнді болсын. Шаңырағыңыздан шаттық үзілмесін!



Құрметті Аталық ЖАНТЕЛИНҰЛЫ!

Қазыналы өлкедегі мұнай мен газдың игерілуіне үлес қосып, өнімді еңбек етіп жүрген Сізді мерейлі 55 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Бүгінде №2 МГӨБ-ке қарасты №12 бригаданың аға операторы болып жүрген Сізді біз тәжірибелі маман ретінде білеміз. Сізге мықты денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт, ұзақ ғұмыр тілейміз.

ОЙМАҚТАЙ ОЙ
ОҚЫМАҒАН ҚАС НАДАНҒА СӨЗ ДАРЫМАЙДЫ. ОЛ ДА БІР, МІНІЛМЕГЕН ШУ АСАУ ДА БІР.
ӘБІШ



Ардақты Светлана САҒЫЗБАЙҚЫЗЫ!

Сізді 55 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтай отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, жұмысыңызға жетістік тілейміз! Қиындығы мен қызығы қатар жүретін мұнай саласында 25 жыл абыройлы еңбек еткен өзіңізді біз тәжірибелі маман ретінде қадірлейміз. Өміріңіздің жалғасы іспетті жайқалып өсіп келе жатқан немерелеріңіз көбейе берсін. Ұрпағыңыздың көрер қызығы мен жүрер жолы ұзақ болсын. Аман болыңыз!

Аяулы Ұлмекен САТҚАРҚЫЗЫ!

Сізді мерейлі 55 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Өзіңіздей 26 жылдан бері мұнай саласында оператор болып еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі маман – басқарма байлығы. Бүгінде өндірісте еңбек етумен қатар балдай тәтті жиендердің әжесі атанып отырған Сіз адал еңбегіңізбен ұжымда сый мен құрметке ие болып отырсыз. Деніңіз сау болсын. Алла тағала мәнді де сәнді ғұмыр нәсіп етсін.



Қадірменді Киікбай ЖОЛДЫБАЙҰЛЫ!

Сізді 55 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Ұжымыңыз Сізді білікті, тәжірибелі маман ретінде таниды. Басшылық Сіздің Өзен кенорнының дамуына қосқан өлшеусіз үлесіңізді бағалайды. Өз салаңыздың білгірі атанып, жас мамандарға тәжірибеңізбен бөлісіп жүрген Өзіңізді біз жақсы көреміз. Сізге мықты денсаулық, отбасыңызға амандық тілейміз!



Қымбатты Гүлжан ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ!

Сізді 50 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! №2 мұнай газ өндіру басқармасы, зерттеу жұмыстар цехында инженер-технолог болып қызмет атқарып жүрген Өзіңізге өмірдегі бар жақсылықты тілейміз. Білімді маманның қашан да дәрежесі жоғары. Сіз сияқты майталман маманның арқасында компаниямыз өсіп-өркендеп, дами беретін болады. Отбасының ұйытқысы болып отырған Сізге зор денсаулық, бақытты өмір, тәрбиелі ұрпақ тілейміз. Өзіңіз де жайнап, айналаңызды да жайнатып, арамызда аман-есен жүре беріңіз! Мерекеңіз берекеге ұлассын!



Игі тілекпен:
№2 МГӨБ еңбек ұжымы